


Түркістан облысында халықтың қоныстануы саласындағы жағдайды талдау бойынша қысқаша есеп, Қазақстан, 2018 жыл

Кіріспе

ЮНФПА-ның Қазақстандағы қызметінің бағдарламасы халықтың қоныстануы мен дамуының өзара байланысы мәселелерін зерделеудегі ұлттық күш-жігерді қолдауды өз қызметінің маңызды басымдықтарының бірі ретінде қарастырады. Әлеуметтік-экономикалық жоспарлауға және даму бағдарламаларының мониторингіне демографиялық деректерді интеграциялауға жәрдемдесуге көп көңіл бөлінеді.

«Халықтың қоныстануы саласындағы жағдайды талдау» талдамалық жұмысы бұл бағдарламаның маңызды элементі болып табылады. Әдетте, мұндай жұмыстар ұлттық деңгейде орындалады. Осы жұмысты халықаралық консультанттардың қатысуымен орындау қолда бар әлеуметтік-демографиялық ақпаратқа терең талдау жүргізуге және алынған нәтижелерді халықтың саны мен құрылымының динамикасын, халықтың ұдайы өсуінің үрдістері мен перспективаларын, сондай-ақ демографиялық процестердің экономика мен әлеуметтік саланың өңірлік дамуымен байланыстарын кешенді бағалау үшін пайдалануға мүмкіндік береді. Мұндай жұмысты облыс деңгейінде орындау бұрын соңды болмаған жайт. Қазақстан Республикасындағы саны жағынан ең ірі Оңтүстік Қазақстан облысы зерттеу объектісі ретінде таңдап алынды.

Әкімшілік-аумақтық қайта құру нәтижесінде Оңтүстік Қазақстан облысының құрамынан Шымкент қаласын бөліп шығару және жаңа орталығы Түркістан қаласы болып белгіленген жаңа Түркістан облысының құрылуы (2018 жылдың маусымы)




«Халықтың қоныстануы саласындағы жағдайды талдау» жұмысын ақпаратпен қамтамасыз етуге жаңа күрделі міндеттер қойды. Осы өзгерістерге байланысты халықтың қоныстануы саласындағы талдауды Шымкент қаласын қоспай, жаңа Түркістан облысына қатысты қарастыру шешімі қабылданды.

Әдіснама

Есеп Қазақстан Республикасы Статистика комитеті мен Түркістан облысының статистика департаментінің сайтында ұсынылған ресми статистикалық деректерге негізделген. Талдау үшін қажетті ақпарат толық болмаған жағдайда, қандай да бір көрсеткіштердің шамаларын бағалау қолда бар деректердің негізінде жасалды. Есептегі барлық осындай жағдайларда деректер бағалау жолымен және нақты қандай тәсілмен алынғаны айтылған.


Түйінді тұжырымдар

2018 жылдың басында Түркістан облысы халқының саны 2009 жылғы халық санағының нәтижелерімен салыстырғанда 111,2 мың адамға (яғни 5,96%) артып, 1977,0 мың адамды құрады.




2014 жылы үш ауданның: Ордабасы, Төлеби және, әсіресе Сайрам аудандарының халық санының қысқаруына әкеп соққан әкімшілік-аумақтық қайта құрулар нәтижесінде Түркістан облысының халқы санының едәуір (120,6 мың адамға) азаюы орын алды.


Санақ өткеннен кейінгі тұтас кезең ішінде (2009 жылдан бастап) Түркістан облысының халық санының өсімі жыл сайын абсолюттік де, салыстырмалы да тұрғыдан алғанда кему түсті. Егер 2010 жылы ол 41,9 мың адамды (2,2%) құраса, ал 2017 жылы тиісінше 10,7 мың адамды (0,5%) құрады.




Түркістан облысының халқы - негізінен ауыл тұрғындары. 2018 жылдың басында ауыл тұрғындарының үлесі 80,3%-ды, ал қалалықтардың үлесі 19,7%-ды құрады. Түркістан облысындағы ауыл халқының үлесі Қазақстан Республикасының барлық облыстарының арасында ең жоғары және әзірше өсу үрдісін көрсетуде.



2010-2017 жылдар аралығында Созақ (17,4%-ға) және Сарыағаш (17,2%-ға) аудандарында, Арыс (17,4%-ға) және Кентау (16,5%-ға) қалаларында тұрғындар санының салыстырмалы түрде алғанда едәуір өсуі орын алды. Облыс орталығы – Түркістан қаласында – осы кезеңде халық санының салыстырмалы өсімі 13,8% құрады.



Түркістан облысында 15-64 жас аралығындағы халықтың үлесі соңғы жылдары тұрақты түрде азаюда. 2010 жылдың басында ол 61,4%-ды құрады, ал 2015 жылдың басында 59,7%-дан төмен болды. 2018 жылы ол 58,3%-ға дейін төмендеді. Сонымен қатар, 15 жасқа дейінгі халық үлесі Түркістан облысының барлық қалалары мен аудандарында өсе түсті: жалпы облыс бойынша ол 2010 жылдың басындағы 34,6%-дан 2018 жылдың басында 37,3%-ға дейін өсті. Бұл Қазақстан Республикасының облыстары арасындағы осы көрсеткіштің ең жоғары шамасы. Түркістан облысындағы 65 және одан жоғары жастағы халықтың үлесі ең төмендердің бірі.




Түркістан облысында Қазақстан облыстарының арасындағы ең үлкен демографиялық жүктеме (еңбекке қабілетті жастағы халық санының және еңбекке қабілетті жастан кіші және еңбекке қабілетті жастан асқан халық санының арақатынасы). 2018 жылдың басында ол 15-64 жас аралығындағы 1000 адамға шаққанда 0-14 жас және 65 және одан жоғары жастағы 717 адамды құрады.

Түркістан облысында туудың жалпы коэффициенті 2017 жылы (1000 адамға шаққанда 27,01) республика бойынша туу коэффициентіне (21,64%) қарағанда айтарлықтай жоғары және Қазақстан облыстары мен қалалары арасында ең жоғарылардың бірі болып табылады.

Түркістан облысында төртінші, бесінші және одан кейінгі бала туатын әйелдердің үлесі жоғары. Солай болғанмен де Түркістан облысындағы акушер-гинеколог дәрігерлермен қамтамасыз ету көрсеткіштері республикадағы ең төмен.

Түркістан облысында жасөспірімдер (яғни 15-19 жас аралығындағы бойжеткендер) арасындағы туу коэффициенті осы жастағы 1000 бойжеткенге шаққанда 30,02 туылғанды құрайды және ел бойынша ең жоғарғы көрсеткіш болып табылады.

Түркістан облысында 18-75 жастағы, бір кездері серіктесі болған әйелдердің 21%-ы, яғни әрбір бесінші әйел жыныстық серіктес тарапынан физикалық және/немесе жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған, бұл да ел көрсеткішінен жоғары (жалпы ел бойынша-17%).



Соңғы он жыл ішінде халықтың облыстан кету үдерісінің күшейіп келе жатқаны байқалады. Көші-қон сальдосы 2009 жылдан 2017 жылға дейін 3 есеге өсті. Бұл көрсеткіш халықтың жедел кетуімен байланысты болды, нәтижесінде облыс жалпы алғанда 2009 жылдан бері 170 мың адамды жоғалтты. Балғын жастағылардың көші-қонының үлкен сальдосы назар аудартады.

Зерттеу нәтижелеріне негізделген ұсынымдар:

- халықтың қоныстануы мәселелері саласында облыстық және аудандық деңгейдегі бас мамандардың біліктілігін арттыру.
- 2020-2030 жылдардағы кезеңге арналған облыстың демографиялық даму бағдарламасын әзірлеу (Қазақстандағы ЮНФПА өкілдігінің қолдауымен).
- балалы отбасыларды экономикалық қолдау және жұмыс атқару мен ата-аналық міндеттерін орындауды ұштастыру үшін жағдайларды жақсарту арқылы халықтың табиғи өсуін қамтамасыз ететін туу деңгейін қолдау (ақы төленетін демалыс, жеңілдікті еңбек режимі, мектепке дейінгі мекемелер жүйесін дамыту).
- отбасы институтын нығайту және отбасы құндылықтарын насихаттау, сондай-ақ жас отбасыларды қолдау.
- жасөспірімдер мен жастарға ерекше назар аудара отырып, ұрпақты болуға бағытталған (репродуктивтік) денсаулықты нығайтуды қолдау.
- жүрек-тамыр ауруларынан, ас қорыту және тыныс алу органдарының ауруларынан, жұқпалы аурулардан, ана мен бала өлімінен болатын өлім-жітім деңгейін азайтуға, әлеуметтік маңызды аурулардың деңгейін төмендетуге, салауатты өмір салтын ұстану үшін жағдайлар жасауға және халықты соған ынталандыруды қалыптастыруға ықпал ету.
- облыстың экономикалық өсуіне және одан әрі әлеуметтік-демографиялық дамуына ықпал ететін көшіп-қонушылар санаты үшін Түркістан облысының көші-қон тартымдылығын арттыру.
- облыстан жастардың кетуін азайтуға ықпал ету.

